



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Апат құрбандарына тағзым

Елордада жиырмасыншы ғасырдағы ең ауыр зұлматтың бірі саналған Чернобыль апатының құрбандарын еске алуға арналған тағылымды шара



өтті. Жалпақ әлемді тітіркендіріп өткен оқиғаның орын алғанына отыз жыл болса да, оның салған жарасы әлі де толық жазылған жоқ. Яғни, 1986 жылы 26 сәуірде Украинадағы Чернобыль атом электр станциясында адам айтқысыз апат салдарынан 150 мың шаршы шақырымға жуық жер радиоактивті элементтермен ластанды. Улы түтін сол аймақтан асып, 10-нан аса мемлекетке

шарпып, кем дегенде 5 миллион халық зардап шекті. Оның зардабы қаншалықты ұзаққа баратыны әлі белгісіз қалып отыр. Жарылыс салдарын жоюға 800 мыңдай адам қатысты.

Сол жылдары 30 мыңнан астам қазақстандық апат салдарын жоюға өз еркімен аттанды. Солардың қатарында елорданың іргесіндегі Аршалы ауданынан барған Аманжол Сабдалинов та болды.

– Мен Чернобыль апатына 1986 жылы мамыр айында әскери комиссариаттың шақыртуымен бардым. Адамдарға ауыз су таситын көліктің жүргізушісі болдым. Ауыз судың өзін мөлшермен пайдаландық. Қаңырап бос қалған ауылдарды көрдім. Жұрттың бәрі көшіп кеткен. Өте жанқиярлықпен жұмыс істедік. Содан тамыз айында елге оралдым. Сол апаттың салдарынан денсаулығымнан айрылдым, ІІ топтағы мүгедекпін. Әйтеуір, мемлекеттің қамқорлығы арқасында әскери госпитальға қараламын, дәрі-дәрмекті тегін аламын. Қоғамдық көлікте тегін жүремін. Оның сыртында тағы басқа жеңілдіктер қарастырылған, – дейді сол зұлматты көзімен көрген куәгер.

Игі шара апат құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды. Содан кейін ескерткішке мемлекеттік ұйымдардың, Ресей және Беларусь мемлекеттері елшіліктерінің өкілдері, сондай-ақ, апат салдарын жоюға қатысқандар мен құрбан болғандардың туыстарының гүл қою рәсімі өтті.

– Бүгінгі ауыр қасіреттің 30 жылдығына байланысты «Өлі қаланың куәгерлері – Очевидцы мертвого города» деген кітапты тарту етіп отырмын. Онда жалпы апаттың тарихы, қазақстандық азаматтардың ерлікпен көрсеткен ерен еңбектері және содан кейінгі барлық жақтардан атқарылып жатқан жұмыстары бүгінгі өмір тыныстары баяндалады, – деді жиында сөз алған «Чернобыль одағы» ҚР ЗТҚ төрағасының орынбасары Марат Жүнісбек. Айталық, «Астана қаласындағы азаматтардың жекелеген санаттарындағы әлеуметтік көмек көрсету ережелері туралы» Астана қаласы мәслихатының шешіміне сәйкес, Чернобыль атом электр станциясында болған апат

салдарын жоюға қатысқан адамдарға 2008 жылдың сәуір айынан бастап коммуналдық төлемдер мен басқа да төлемдерді төлеу үшін өтемақылар бөлінген. Сонымен бірге 557 Чернобыль ардагеріне ақысыз тіс протездеу, қоғамдық көліктерде тегін жол жүру, тегін санаториялық-курорттық ем қабылдау сияқты әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Азамат Есенжол